

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

DEXP

DEXP
RetroGAME Flash 2
ойын консолі

Мазмұны

Сақтық шаралары	4
Құрылғы схемасы.....	5
Электр қосу схемасы.....	6
Құрылғымен жұмыс	6
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі.....	7
Жинақталым.....	8
Техникалық сипаттамалары	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	8
Қосымша ақпарат	9
Кепілдік талоны	9

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.



Біз сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Ойын консолі — бейне ойындарға арналған арнайы электронды құрылғы.

Сақтық шаралары


- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалардың және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты адамдардың бақылауы жүзеге асырылатын жағдайлардан басқа. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Приставканы, қуат адаптерін және барлық кәбілдерді құлаудан, соғудан, кесілуден, кез келген сұйықтықтың әсерінен, төтенше температурадан, кірден қорғаңыз. Құрылғыны және оның керек-жарақтарын ашық оттың, қыздыру құрылғыларының және сұйықтық құйылған контейнерлердің жанына қоймаңыз.
- Консоль корпусының ішіне ешбір зат қоймаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін ешқандай жұғыш заттарды/тазартқыштарды қолданбаңыз. Жұмсақ, сәл дымқыл шүберекті қолдануға рұқсат етіледі, содан кейін құрылғыны құрғатып сүрту керек. Құрылғыны тазалау кезінде оны әрқашан желіден ажыратыңыз.
- Приставканың, қуат адаптерінің және кәбілдердің күйін үнемі тексеріп отырыңыз. Жоғарыда аталғандардың біреуі зақымдалған болса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Құрылғы немесе оның құрамдас бөліктері зақымдалған болса, оны қоспаңыз.
- Консоль мен оның керек-жарақтарын бөлшектеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек уәкілетті қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүргізе алады.
- Құрылғыны тек үйлесімді электр розеткаларына қосыңыз (220–240 В / 50–60 Гц).

Құрылғы схемасы



1. HDMI ұясы.
2. Микро USB қосқышы.
3. Micro SD жад картасы ұясы.
4. Навигация батырмалары.
5. SELECT батырамсы.
6. START батырмасы.
7. X батырмасы.
8. Y батырмасы.
9. Z батырмасы.
10. A батырмасы.
11. B батырмасы.
12. C батырмасы.
13. 1-ойыншыны/2-ойыншыны ауыстырғышы

Электр қосу схемасы



Қосылу

1. Ойын конзоліне microSD салыңыз.
2. Ойын конзолін теледидардың HDMI портына қосыңыз.
3. Micro USB кәбілін пайдаланып ойын конзолін қуат көзіне қосыңыз.
4. Теледидарды қосып, кіріс көзі ретінде HDMI таңдаңыз.
Теледидарда бірнеше HDMI қосқыштары болса, приставка қосылған біреуін таңдаңыз.
5. Контроллерге 2 AAA батареясын салыңыз.
6. Ойынды таңдау үшін шарлау батырмаларын пайдаланыңыз және ойынды бастау үшін контроллердегі **START** батырмасын немесе **A** батырмасын басыңыз.
7. Ойындар тізіміне оралу үшін **START** және **SELECT** батырмаларын бір уақытта басыңыз.

Батареяларды орнату

1. Екі сымсыз контроллердің батарея қақпақтарын ашу үшін бұрағышты пайдаланыңыз.
2. Әр контроллер үшін AAA батареяларын батарея бөлімінде көрсетілген полярлықты сақтай отырып салыңыз.
3. Батарея қақпағын жабыңыз және мықтап бұраңыз.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Ықтимал проблема	Шешім
Сурет жоқ.	Ойын консолінің қосылғанын тексеріңіз.
	Теледидардың жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
	Барлық кәбілдердің сенімді жалғанғанын тексеріңіз.
	Дұрыс сигнал көзінің таңдалғанын тексеріңіз (приставка қосылған HDMI қосқышы немесе AV қосқышы).
	RESET батырмасын басу арқылы приставканы қалпына келтіріп көріңіз.
Сурет ақ-қара.	Барлық кәбілдердің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
Дыбыс жоқ.	Теледидардағы дыбыстың өшірілгенін тексеріңіз.
	AV кәбілі қосылымының дұрыстығын тексеріңіз.
Геймпад жұмыс істемейді.	Геймпадтың ойын консоліне қосылуын тексеріңіз.

Жинақталым

- Ойын консолі.
- 2 сымсыз геймпад.
- Қуат кәбілі (Micro USB).
- microSD картасы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: RetroGAME Flash 2.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Аудио/бейне шығыстары: HDMI.
- Үйлесімді платформалар: 8 бит.
- Ойындар саны: 777.
- Геймпад түрі: сымсыз.
- Консоль қуат опциялары: 5 В, 1000 мА.
- Контроллердің қуат параметрлері: 1,5 В.
- Сымсыз техникалық сипаттамалар: 2,400–2,483 ГГц.
- Таратқыштың қуаты: 8 дБм.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С және 40 °С аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты өңдеуді талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Осы бұйымды жою қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжуншань СУБОР Интеллидгент Тэкнолоджи Девелопмент Ко., Лтд. Синьхуа тас жолы, 1, Саньцзяо өңірі, Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сапасын жақсарту үшін ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен басқаша болуы мүмкін.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының басшылығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының маңызды тізімі:
<https://dexр.club/service-centers/>

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.2 

